


**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

# Қайталанбайтын Қожықов

Тізгінқағар: Алдымен бас кейіпкерімізді кейіптеуге барар жолдағы мына бір баянға назар аударған жөн-ау.



## Қайшыға түскен «Қыз Жібек»

Тоқырау тұсында қазақ ғылымы, өнері мен мәдениеті қанша қысастық көрсе де, ұлт болмысы мен рухын бәсеңдетпеу жолында жасалған жаңалық (сенсация) дейтіндей жағдай болып жатты. Тіпті бертіндегі социализм әбден кемелденіп болды деген кезеңдегі елді елең еткізіп қана қоймай, есін шығара қуантқан үш уақиғаны айтпасқа болмайды. Олар – «Қазақ совет энциклопедиясы», «Қыз Жібек», «Дос-Мұқасан».

Энциклопедияны қолға алғанда Мұхамеджан Қаратаев Димекеңе сыпайы ғана: «Энциклопедия көрінгенді көңілжықпастыққа салып шығара беретін құрмет тақтасы емес», депті. Қазақы қауіптің алдын алу үшін Димекеңді күнілгері құлаққағыс етіп, қорған болуға білдірілген емеурін ғой. Осындай талап «Қыз Жібек» пен «Дос-Мұқасанға» келгенде де қатаң сақталды. Соның арқасында ұлт рухын биік сана деңгейіне алып шыққан туындылар өмірге келді. «Дос-Мұқасанның» шет жұрттағы, ел ішіндегі концертті аншлаппен өтті. Тіпті Жамбылдағы концертінде билет жетпей, студенттер «өнер халықтікі» деп плакат ұстап ереуілге шықты. Бұл тәртіпсіздік Орталық комитеттің бюросында арнайы қаралып, Қонаев жастарға араша түскен. «Дос-Мұқасанның» ізімен облыстарда вокалды-аспапты ансамбльдер көбейе бастады. Тіпті өзбектер намыстан өле жаздап «Ялланы» шығарды. «Қыз Жібек» неге бірден халық сүйіспеншілігіне бөленді? Оның жұмысына сол тұстағы

қазақтың қаймақтары мен қаспақтары бірі қалмай жұмылдырылды, яғни ұлттық элита жабылды. Есесіне талай бұлақтың көзі ашылды, ұлттық киноға шабысы бөлек жаңа бір шоғыр келді.

Қазақ киносы күні бүгінге дейін сол «Қыз Жібектің» деңгейіне жеткен жоқ деген пікірдің әлі де жаны сірі. Бұл пікір шындыққа жанасады. Дулат Исабековтің «Құдай сақтап «Қыз Жібектің» бұрынырақ түсірілгені қандай дұрыс болған. Қазір түсірілсе қайтер едік?» деген қауіп де негізсіз емес. Осынау теңдесі жоқ ұлттық, халықтық шедеврдің «кемелденген» қоғамның қайшысына түсіп, қидаланған нұсқасының өзі де әбден рухани шөліркеген халықтың арман-аңсарын қанағаттандыруға молынан жетіп жатыр еді. Алдымен әңгімемізге тұздық болсын, Бекежан-Асанәлі Әшімұлының мына бір лепесіне ден қояйық.

– Саптыаяқтан қарауыл қойған заманда ұлт рухын аспандататын фильм түсіру қайдан оңай болсын, – дейді Асағаң. – Ол күндерде бір шеге шығару үшін де Мәскеумен ақылдасатын еді ғой. Бақылау өте қатаң болды. Әсіресе өнерге келгенде. Әу баста «Қыз Жібекке» рұқсат алудың өзі қандай азапқа түссе, одан экранға шығар кездегі аса қырағы кеңестік цензураның екі шоқып, бір қарауы бүткіл түсірілім тобының жанкешті жұмысын жоққа шығарумен бірдей еді. Әсіресе батальдық (соғыс) көріністерге қатты шүйлікті. Бекежан бастаған қазақ қолының қалмақ Корен жасағымен алапат айқасы аяусыз қидаланды. Оның себебі, қазақ жасағының саны орыс фильмдеріндегі, мәселен, «Александр Невский» жасағынан көп болып кеткен. Осындай ұлы орыстық шовинизмнің арқасында бір ай бойына Іле бойында түсірілген қазақ-қалмақ соғысы тұтасымен алынып тасталып, оның орнына Бекежанның бірлі-жарым адаммен алысқан әлсіз қимылдары ғана қалдырылды. Сөйтіп, Мәскеудің жер қайысар қалың қолдан зәре иманы ұшты. Менің әу бастағы мақсатым – Бекежанды ұрда-жық, даңғой, тіпті қанішер емес, сүйе де, күйе де білетін, елді айтпағанда өз келешегі үшін күрескер, нағыз елжанды, терең ойлайтын қаһарман ретінде көрсеткім келді. Солай жасадым да. Фильм шыққаннан кейін Бекежан Төлегенді біраз тықсырып жіберіпті, Төлеген аса шықпай қалған деген бір бөстекі пікірлер де болды. Бекер сөз. Қайта бұл аға мен іні арасындағы түсіністік, сыйластыққа құрылып, өзін ақтаған көріністер еді. Айтқандай, мәскеулік «мықтылар» да осы пікірді негізге алып, басбұзар Бекежан әдепті, ибалы Төлегенді басып кетпеу керек деп, екі батырдың арасындағы тартымды сәттерді жұлмалауға кіріспекші еді, әйтеуір әуіріммен қалды. Сонан кейін фильм соңындағы Жайыққа ағып бара жатқан Жібектің желегінде зор символдық мағына бар еді. Ол «егер ауызбіршілік, ынтымақ болмаса, сырттан сұқтанған жау сенің еліңді, жеріңді мына желектей быт-шыт қылып жыртады» деген ишара болатын. Керісінше, ол идея көрерменге жетпеді. Жайықтың бойында масайрап тұрған Корен қалмақты қалдырды. Бүгінде сол қидаланған

кадрлардың сақталмауы өзек өртейді. Қайран Сұлтекең қан мен терін берген сол көріністерді сақтап қаламын деп қанша жанталасқанымен, тіпті өміріне қауіп төнетін болған соң қойды ғой. Жалпы, фильмдегі рөлдерге актер таңдауда қателесу, фальш болған жоқ. Бәрі өз рөлін аса жоғары кәсіби деңгейде атқарып шықты. «Қыз Жібек» дегенде, әрине көпшілік Сұлтекеңді, Сұлтан Қожықовты алдымен ауызға алады. Сұлтекең сұрапыл еді ғой. Әу баста менің Бекежанға түсуіме аса бейілді болмады. Фильм барысында жақсы түсіністік. Кинода режиссер мен актердің бір-бірімен түсінісіп жұмыс істегенінен артық бақыт жоқ. Бұл тұрғыдан қарағанда жарықтық Сұлтекеңнің еңбегі зор. Түсірілім кезінде Әнуар, Құман үшеумізді киіз үйде қасына алып, көзден таса етпей тәртібімізді қатаң бақылауға алды. Жаспыз ғой, түнде қыдырыстағымыз келеді. Сәл бұлталақтасаң, «Жатыңдар, ертең съемка» деп тырп еткізбейтін. Бірде оянып кетсем, Сұлтекеңнің алдындағы ыдысы темекіге толған, қалың ойға батып отыр екен. Көп уақыт ояу жаттым. Сұлтекең кірпік ілмейді.

Асағаңның айтқанындай бар, оның ұлт рухының күзетшісіндей болып көз ілмеген түндер, жүрегін қолына ұстап жанкешті жұмыспен өткен күндері болмаса, «Қыз Жібек» туар ма еді? Ұлт руханиятына өлшеусіз табыс әкеліп, қазақ атын аспандатқан туынды жасаған ұлт суреткерінің бізге мәлім, беймәлім деректер арқылы жеткен кадрдан тыс өмірі қалай өріліп еді?

Ол соғысқа 18 жасында аттанды. Бұл бәрімізге сол кездегі ортақ Отан үшін күрес еді. Оны бірнеше жыл өткен соң, бұдан да зор ұлт үшін күрес күтіп тұрды. Бұл жөнінде сәл кейінірек. Даңқты 8-гвардияның Панфилов дивизиясының құрамында Мәскеуден Балтық теңізіне дейінгі аралықта майдан жолынан өтті. Қатардағы сарбаздан гвардия капитанына дейін өсті. Ол қазақ өнерінің бір дәуіріне айналған Қожықовтар әулетінің сүт кенжесі еді. Жеңіс туы желбірегенде жүрегі атқақтап: «Аяулы апа! Біз жеңдік. Сене алар емеспіз. Соғысқа нүкте қойылды. Ең бастысы, біздің сеніміміз бізді жеңіске жеткізді. Бұйыртса, таяуда елде боламын. Қатты қысып сүйдім», деп елге сәлем хат жолдағаны да бар.

### **Актерді арқалаған академик**

Ол ешқашан «Мен соғыстым. Осынша марапат, атақ алдым» деп кеуде қақпады. Тіпті соғыстың болғанын да ұмытып кететін. Оның мінезі тік, бірбеткей еді. Әділетсіздік атаулыға жаны шыдамайтын. Осы мінезі турасында фильмде режиссердің ассистенті болған Болат Шәріп бір естелігінде: «Никита Михалков айтқандай, «Режиссура ең алдымен мінез, шығармашылық жөнінде сосын айтуға болады» деп еді.

Қазақ руханияты тарихында «Қыз Жібек» көркем фильмінің алатын орны жөнінде айтсаңыз, әңгіменің ұшы-қиырына жетпес едіңіз. Мұндай ғажайып ғасырда бір туар, не тумас! «Қыз Жібек» фильмі түсіріледі

дегеннен ел елеңдескен. Алайда халықтың соншалықты сүйіспеншілігіне бөленген осынау ұлттық классиканы түсірудің қаншалықты бейнетке түскенін де біреу білсе, біреу білмес, әрине. «Қыз Жібектің» дүние есігін ашу тарихы қысқаша айтқанда былай:

Сол кездегі «Қазақфильмнің» директоры, қазақ мәдениетінің, оның ішінде киноның дамуына зор үлес қосқан Камал Смайылов Мәскеуге үш сценарий апарған. Оның біреуін жаратпаған. Бұл жаратпаудың соңы «Қазақфильмнің» біржылдық бюджетін жұтатып кетіп еді. Бұл ретте Ғабит Мүсіреповтің кино сценарийі «Гәкку» жөнінде әңгімелеген дұрыс. Бұл сценарий «Лениншіл жасқа» жарияланып, халықтың талқылауына ұсынылды. Кейінірек Ғабең студияға келіп, өз даусымен сценарийді оқып береді. Қашанда қалғуды білмейтін қағілез Камал Смайылов тарихи сәтті қалт жібермей, таспаға көшіртіп алады. Өкінішке қарай, бұл таспа да әлі күнге табылған жоқ.

«Қыз Жібек» – жылдар бойы бір рухани серпілуді күтіп жатқан халықтық арман-аңсарды, ұлы мейірім-шапқатты жаһанға жария еткен фильм. Фильмнің қоюшы режиссері, атақты Александр Довженконың шәкірті Сұлтан Қожықовтың ел ішіне шығып жәдігерлер жинау кезінде халық керемет белсенділік танытты. Басқасын былай қойғанда, жиырмаға жуық ер-тұрман жиналды. Соның ішіндегі күміс жүгенді Құранды ер көз жауын алғаны сондай, ол Төлегеннің атына лайық деп танылды. Бұл ер Олжас Сүлейменовтің Алматы облысындағы ауылдардың бірінен арнайы сатып алған, өз коллекциясында тұрған дүние болып шықты. Өмір қызық, тосын сыйға да толы ғой. Осы экспедиция Алматы облысының Нарынқол ауданында болғанда Сұлтекеңе қолды аяққа тұрмай қолғабыс жасап, ақсақалдармен кездестіруге дейін ұйытқы болған қара бала бүгінде аса танымал журналист Жанболат Аупбаев еді. «Тырли арық» қараның қабілетін сол кезде тап басып танып, математик болмақ арманын осы жолға бұрған да ұлы режиссер. Жәкең сол күндерді үнемі елжіреп еске алады. Ол жөнінде «1001-ші мақала» атты эсседе жеткілікті жаздым.

Енді мына бір ғажап деректі қалай ұмытуға болады? «Ел бірлігі деген сөз ұялайды ішіме» деп дүр сілкініп отыратын Сырлыбай бейнесін сомдаған Кененбай Қожабековті фильм біткенше арқалап жүрген бір бала бар. Ол күні кеше өмірден озған атақты академик Өмірзақ Айтбаев болатын. Бұл – «Қыз Жібектің» халқымен тезірек табысуын жақындатып, күн-түн қалғымаған ел тілеуінің, ұлы мейірімінің титімдей көрінісінің бірі. Осылайша, Жібек пен Төлеген махаббатының тарихын фильмге түсіру әп дегеннен халық қолдауына ие болды.

Тағы да тасада қалмауға тиісті бір дерек былай сөйлейді. Фильмде ат үстінде қуаныштан жүзі қанкөбелек ойнап келе жататын Жібек қолындағы, мойнындағы, білегіндегі сәнді бұйымдарын лақтыратыны бар еді ғой. Бұл заттар жай жылтырақ (бутафория) емес, шын мәніндегі

күмістен жасалған әшекейлер еді. Сондай-ақ көбіміз білетін мына бір оқиға да керемет емес пе? Зообақтан аққуларды алып келгенде оларды суға жіберіп, билету қиынға түседі. Оның орнын қазбен ауыстыруды да ойлайды. Ақыр соңында Н.Тілендиевтің «Аққу» күйі орындалғанда аққулар таранып, билей жөнеліп, біртіндеп жағаға жақындайды.

Кино тобының жұмысы таңғы сағат алтыда басталып, түннің бір уағына дейін созылады. Ғажайып табиғат аясында киноэкспедиция мүшелері күніне 30-40 шақырым жаяу жүріп отырған. Лагерьге түнгі он екіде оралысымен, келесі күннің сюжеті, түсірілімі туралы әңгіме қайта басталады. Қожықовтың қаталдығы мен талапшылдығы туралы аңызға бергісіз әңгіменің де тарайтыны осы кез. Тіпті ең жүйрік, асау атқа Сұлтан деген атау беріпті. Қысқасы, фильм түсірілмей жатып, ол жөніндегі әңгіме аңыздай тарады. Бір серияға бөлінген 850 мың рубльдің орнына 650 мың рубль бөлініп қысым көрсетілді. Ғабит Мүсірепов сценарийді қысқартудан бас тартты, ал Қожықов кадрларды ықшамдап, басқаша импровизацияға көшті.

### **Жиырма сөгіс**

Бұл әңгіме Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Қонаевқа жетісімен жедел тапсырма беріліп, киностудия директоры Камал Смайылов қуана-қуана тағы да қосымша 250 мың рубль бөлді. Дей тұрғанмен, үлкен форматты екі сериялы фильмді аяқтау үшін бұл қаражат та жеткіліксіз еді. Ақыр соңында пленканы үнемдеуге тура келді. Фильмді түсіру барысында Қожықовқа 20 рет сөгіс беріліпті. «Қазақфильмнің» әр жиыны «Қыз Жібекпен» басталып, «Қыз Жібекпен» аяқталды. Уақыт өтіп барады, кешігу, пленкалар шығыны шашетектен кетіп жатыр, т.б. Бүгінгі күннің тілімен айтсақ, осының бәрін продюсердің ерлігіне балаймыз. Ал ол тұста ұлттық дүние жасау иненің үстінде отырғанмен бірдей еді. Алайда сол кездің өзінде Сұлтекең Төлегеннің эпикалық кейіпкер екеніне қарамастан шашының қысқа емес, қайта ұзынырақ болуын қалаған. Өйткені режиссер сондай кескінде кейіпкердің жастар аудиториясына жақындай түсетінін ойлаған және ол ойы дұрыс шықты. «Қыз Жібек» бюджетке екі есе пайда түсірді. Халық оны тік тұрып қарсы алды. Тіпті Алматыдағы «Целинный» кинотеатрындағы алғашқы көрсетіліміне жұрт есік-терезені талқандап кірді.

«Қыз Жібек» түсіріліп біткеннен кейін Қожықов дұшпанына да тілемес күйзеліс күйін кешті. Небәрі 46 жастағы режиссердің шашы бурыл тартып, 10 жасқа қартайып кетті. Фильмді монтаждау кезінде инфаркт алды.

Фильмді көркемдік кеңес қабылдарда зал кісіге лық толды. Алғашқы болып сценарий авторы Ғабит Мүсірепов сөз алды. Бұған дейін режиссер мен сценарийші арасында қатаң әңгіме болған еді. Осының бәрін еске

ала келе классик қаламгер «Естеріңізде болар, мен кезінде фильмді тәуір дегеннің өзінде қолдамаңдар дегенмін. Ал енді бүгін Қожықовтың ғажайып фильм түсіргеніне көзім жетіп отыр», деді. Фильмде режиссердің ассистенті болумен қатар, стенографист қызметін атқарған Болат Шәріпов жазушының осы сөзін қаттап жазып қойыпты.

«Қыз Жібектің» даңқы алысқа кетті. Оны көптеген ел сатып алды.

Жібектің анасын сомдап, фильмнің суретшісі болған Гүлфайруз Ысмайылова сол күндерді былайша еске алады.

– Бельгия киноинститутында «Қыз Жібектің» көрсетілімі болды. Кинодан соң олардың түр-түсі біртүрлі қашып кеткендей көрінді. Асанәлі екеуіміз қатты толқыдық. Ол маған жалтақтап қарай берді. Мен «масқара болдық-ау» деп ойлағанымша болған жоқ, сәл паузадан соң барып зал толы көрерменнің қошеметі залды жарып жібере жаздады.

### **Ай сайынғы табысы 40 рубль болған**

Елді осындай зор қошеметке бөлеген фильм режиссер тағдырын басқа арнаға бұрып жібереді деп кім ойлаған? Ол бұдан кейін 15 жыл бойына мұндай форматтағы фильм түсірген жоқ. Бірде дыбыс режиссері Қадыржан Қосайға «Менің ай сайынғы табысым 40 рубль ғана», деп мұң шағыпты.

«Оның үстінде бір дұрыс костюмі де болған жоқ. Мемлекеттік сыйлықты тапсыру кезінде ескілеу костюммен келді», деген Қадыржан Қосаевтың сөзі де еріксіз еске түсіп отыр.

Осынау мәртебелі сыйлықты ол да, отбасы да қажетіне жарата алмады. Керісінше, фильмге кеткен пленканың шығынын толтыруға жұмсалған. Жұмыссыз жүрген күндері жазған сценарийлер «Қазақфильмнің» тақырыптық жоспарларына енбеген. Бұл мәселеге біржақты жауап беруге де болмайды. Бәлкім, «ой, оны қайтесіңдер, ол эпикалық фильмнің режиссері ғой» деген жауаптар да берілген болуы мүмкін. Ал эпикалық фильмдерге қазіргідей ол кезде де аз ақша жұмсалмайтын. Оның үстіне Сұлтекеңнің бірбеткейлігі де көп адамға, әсіресе басшыларға ұнай қоймайтын.

Сұлтан Қожықовтың соңғы жұмысы әйгілі палуандар Қ.Мұңайтпасов пен И.Поддубный туралы еді. Әу баста сериал етіп жасалмақшы болған бұл туындының тағдыры да тығырыққа тіреліп, жолы қиын болды. Қажымұқан рөліне алынған Ә.Бекболатов пен Д.Золотухинді (И.Поддубный) олимпиада мектебіне француз күресін үйренуге жібереді. Алайда оны ақшаны орынсыз пайдаланып жатыр деген желеумен тағы да «Қыз Жібектегідей» әңгіме өрбіткісі келгендер болды. Ақырында ол бұл фильмде өзінің ойға алған мақсатын жүзеге асыра алмады. Дұрысы, жүзеге асыртпады. Оның мақсаты Қажымұқанның әлем алдындағы ұмытылмас сом бейнесін жасау еді. «Қыз Жібектей» фильм түсірген даңқты режиссердің атына бұл оңай соқпады. Ол сол биіктен түспеуді ойлады. Бірақ жүйе оның даңқын бүркей алмаса да,

биігінен құлата алмаса да өз деңгейін білетін оған бұл фильмде одан да жоғары биікке шығу керек еді. Бірақ оған жол берілмеді. Әрине, жүрекке салмақ түсті.

1988 жылдың 10 наурызында сұрапыл суреткер Сұлтан Қожықов 65 жасқа толды. Ертесіне өмірден озды.

Биыл ғасырлық мерейтойы аталынып өтіп жатқан біртуар режиссердің әп-сәтте сылып тастайтын соқырішектен өмірден озғанын еске алсақ, өзегің өртенеді. Оның үстіне, жедел жәрдем қызмет көрсетуден бас тартқан дейді. Кім білсін? Ол да мүмкін ғой.

**Тізгінтартар:** Қазақтың барша шығармашылық элитасын жұмылдырып, «Қыз Жібектей» фильм түсірген адамға да жер басып жүру оңайға соқпаған болар. Дей тұрғанмен де, қолда барда қадірін білмегеніміз де рас. Бірақ бұның бәрі адами өкініш болғанымен, ұлт үшін еш өкінбейсіз. Өйткені «Қыз Жібек» қалды, қайталанбайтын Қожықов қалды. Алтыннан ескерткіш қоятын адам ғой. Ал қазіргі күні біз «Қыз Жібекті» түсіре алар ма едік. Міне, мәселе қайда жатыр? Атыс-шабыс, қан жоса триллер, экшн көріп отырмасымызға кім кепіл?!

**Қали СӘРСЕНБАЙ**